

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі N 996 қаулысы. 1-тармақтың 3) тармақшасын және 3-тармақты қоспағанда күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.24. N 871 қаулысымен

Ескерту. ҚР Үкіметінің 2002.09.12 N 996 қаулысының 1-тармақтың 3) тармақшасын және 3-тармақты қоспағанда күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.24. N 871 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына (бұдан әрі - Жарлық) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1)-2) **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.24 N 871 Қаулысымен.**

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бекітілсін.

2. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.24 N 871 Қаулысымен.**

3. Мыналар құрылсын:

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті;
Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Шағын бизнесті қолдау жөніндегі комитеті;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті;

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 467 қаулысымен

4-8. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.24 N 871 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2002 жылғы 12 қыркүйектегі
N 996 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі туралы ереже

Ескерту. Ереженің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.24 N 871 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 12 қыркүйектегі
N 996 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбенің күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.24 N 871 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 12 қыркүйектегі
N 996 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне" бөлімінде:

реттік нөмірлері 14, 15, 20, 23, 24, 35-жолдар алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі" бөлімі және реттік нөмірі 227-

ж о л а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

"Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігіне" бөлімінде: тақырыпта "Экономика" деген сөз "Индустрия" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 236-1, 236-2, 236-3, 236-4, 236-5, 236-6, 237-7

, 236-8, 236-9, 236-10-жолдармен толықтырылсын:

"236-1 АЛА-001308 "ҚазтүстіметҒЗЖИ" ААҚ

236-2 АЛА-002060 "Иналмасалтын" ААҚ

236-3 АЛА-002423 "Қазақстан Республикасының

Радио электроника және

байланыс жөніндегі ұлттық

орталығы" ААҚ

236-4 ВКО-000025 "Өскемен титан-магний

комбинаты" ААҚ

236-5 ВКО-002456 "Қазмырыш" ААҚ

236-6 МНГ-000527 "Каскор АК" ААҚ

236-7 "Инвестицияларға

жәрдемдесудің қазақстандық

орталығы" ЖАҚ

236-8 "Шағын кәсіпкерлікті дамыту

қоры" ЖАҚ

236-9 "Шағын кәсіпкерлік жөніндегі

республикалық ақпараттық-

көрме орталығы" ЖАҚ

236-10 "Қазақжарылыс өнеркәсібі" ЖАҚ;

"Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитетіне" бөлімінің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Қорғаныс өнеркәсібі комитетіне";

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі" бөлімінде, реттік нөмірі

239-ж о л а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

"Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс істері жөніндегі комитеті" бөлімінің тақырыбында "Экономика" деген сөз "Индустрия" деген сөзбен ауыстырылсын.

3. "Шағын кәсіпкерлік жөніндегі республикалық ақпараттық-көрме орталығы жабық акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 қазандағы N 1543 қаулысына:

4-тармақтың үшінші абзацында және 6-тармақта "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне", "Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу,

бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне", "Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1105 қаулысымен.
5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.01. N 314 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ